

Бас директордың 2021 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесуі

Әріптестер, еңбек ұжымында әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсарту үшін жұмыс берушінің еңбек ұжымымен бірыңғай жүйелі кері байланысын орнату мақсатында ҚМТ-да жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы ішкі коммуникациялар қағидаларының қолданылатыны өздеріңізге мәлім. Сонымен қатар ҚМТ-ның 15.01.2020ж №118-04-232 хатына сәйкес ҚМТ-ның еншілес мекемелерінің бірінші басшыларының еңбек ұжымы алдында есеп беру жиналыстарын жүргізу жөніндегі қосымша нұсқаулары негізге алынады.

Слайд № 2 (Жемчужины жобасы)

12.05.2021ж. Операциялық комитет КМОК филиалының қызметкерлерін аутсорсингке ауыстыру, КМОК филиалын тарату мақсатында Каспий Меруерты Оперейтинг Компани Б.В. компаниясының жарғылық капиталын ұлғайту, КМОК филиалының 2021 жылға арналған бюджеті мәселелері жөнінде шешім қабылдады.

21.06.2021ж. Операциялық комитет КМОК филиалының бас директорының орынбасарын аутсорсингке ауыстыру мәселесіне қатысты шешім қабылдады.

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында Жемчужины жылдық жұмыс бағдарламасы мен бюджетінің (ЖЖББ/ГРПиБ) орындалуы 432 923 долларды (жоспарда 368 222 долларды), яғни 117% құрады. 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап КМОК Б.В.-ның бүкіл құрамы аутсорсингке ауыстырылды. Соған байланысты маусым айында 6 айлық жалақы көлемінде өтемақы және қызметкерлердің бүкіл жұмыс кезеңі үшін пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің өтемақысы төленді.

Слайд № 3 Құрманғазы жобасы

Өздеріңіз білетіндей, 2018 жылдың 9 қарашасында Петропавловск қаласында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы өңіраралық ынтымақтастығының XV форумы шеңберінде Қазақстан мен Ресейдің 2019-2021 жылдардағы бірлескен іс-қимыл жоспарында (бұдан әрі – Жоспар) 2019-2021 жылдар аралығында «Құрманғазы» құрылымы бойынша ӨБК-ге өзгерту енгізуді қамтамасыз ету көзделген болатын. Соған байланысты:

- 2020 жылдың 21 қаңтарында Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің Бірінші орынбасары ҚР Сыртқы істер министрлігінің атына Жоспарды орындау туралы ақпараттарды жарты жылда бір рет, 20 мамырға дейін және 20 қарашаға дейін беруді тапсырды.
- 2020 жылдың 19 маусымында Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің Бірінші орынбасары 2019 жылғы 21 қаңтардағы тапсырма аясында жұмысты жалғастыруды тапсырды.
- Аталған тапсырмаға сәйкес, есептік кезең үшін 2021 жылдың 20 мамырында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға 2021 жылдың 1-ші

жартыжылдығының қорытындысы бойынша Жоспардың 9-тармағының орындалуы туралы ақпарат ұсынылды.

Жер қойнауын пайдалану құқығын ҚМТ-дан ҚМГ-ге беру және барлау кезеңін ұзарта отырып, келісімшарттық аумақты кеңейту жөнінде ӨБК-ге өзгертулер мен толықтыруларды келісу жұмыстары жалғасуда.

Құзыретті органның ұсыныстары мен ескертулерін екі тарап (ҚМГ және РНЭ) болып талқылаудың қорытындысы бойынша, сондай-ақ Өнімді бөлу келісімінің (ӨБК/СРП) қатысушылары арасында өнімді бөлудің қолданыстағы параметрлері кезінде Құрманғазы жобасының тиімсіздігі туралы РНЭ тарапынан ҚМГ-ге түскен сұрақты назарға ала отырып, қазіргі таңда Құзыретті органға (ҚР ЭМ) бірлескен хатты әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы аталған жағдайға байланысты және ӨБК/СРП қатысушылары арасында өнімді бөлуді қайта қарау бойынша ӨБК-ге өзгерістер енгізу процесі ұзақ уақыт алатынын және жобаның 2021 жылы ҚМТ-дан ҚМГ пайдасына берілмеуі де мүмкін екені ескеріліп, үстіміздегі жылдың соңына дейін жоба шығындарын қосу үшін ҚМТ-ның 2021 жылғы бюджетін түзету және жоба шығындарын ҚМТ-ның 2022 жылға жасалатын бюджетінің жобасына қосу процедуралары басталды.

РНЭ тарапынан шешімнің болмауына байланысты Оператордың 2021 жылға арналған жылдық жұмыс бағдарламасы мен бюджеті (ЖЖББ/ГРПиБ) әлі бекітілген жоқ, сонымен бірге 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығына арналған ЖЖББ жобасында 182 668 АҚШ доллары көлеміндегі сома жоспарланған. Операциялық комитет 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығы үшін бекіткен бірінші кезектегі шарттар бойынша Оператор Бюджетінің орындалысы 175 951 АҚШ долларын құрады, сәйкесінше орындалуы жоспарды орындаудың 96% құрайды. Атап өтерлік жайт – келісімшарттық аумақты кеңейтуді және барлау кезеңін ұзартуды көздейтін ӨБК-ге толықтыруға қол қойылғанға дейін геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу 2021 жылға арналған ЖЖББ-да қарастырылмаған.

Өндірістік жоспарда 2 362 мың АҚШ доллары сомасындағы жоспарлы шығындар қамтылған, оның ішінде нақты орындалуы 1 615 АҚШ долларын құрады. Нақты орындалу сомасының жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуы келісімшарттық аумақты кеңейту және барлау кезеңін ұзарту жөнінде ӨБК-ге толықтыруға қол қойылмауымен байланысты. Жоспарлы көрсеткіштер Оператордың Жылдық жұмыс бағдарламасы мен бюджеті бекітілгеннен кейін түзетілетін болады.

Слайд № 4 Толқын және Боранқұл кен орындарын сенімгерлікпен басқару

Толқын және Боранқұл кен орындарын сенімгерлікпен басқару шарттарының талаптарына сәйкес, өндірістің тоқтамауын, өндірістік объектілер мен жабдықтардың сақталуын, сонымен бірге әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер орындалуда.

Жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы ішкі коммуникациялар қағидаларына сәйкес ҚМТ-ның Ақтау қаласындағы филиалының директоры 2021 жылдың 19 тамызында 2021 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша Толқын, Боранқұл кен орындарында еңбек ұжымымен есептік кездесуін өткізді.

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында Филиалдың өндіргені:

- 50,45 мың тонна мұнай (жоспар бойынша 44,48 мың тонна), жоспарлы көлемнен 13 % артық;
- 2,527 мың тонна конденсат (жоспарда 1,28 мың тонна), бекітілген жоспардан 97 % артық;
- 23,33 млн текше метр газ (жоспарда 23,95 млн текше метр), жоспарланған көлемнен 3 % артық.

Толқын және Боранқұл кен орындарында 2010 жылдан бастап жаңа ұңғымаларды бұрғылаусыз КСШ өндіру жүргізілетінін атап өткен жөн.

Газ (табиғи және ілеспе) өндіру жоспарының орындалмауы 0,616 млн. текше метрді (немесе 3%) құрады, соның ішінде «Боранқұл» кен орны бойынша газ өндіру жоспары 160% орындалды, артығымен орындалуы 2,917 млн. м³ құрады және «Толқын» кен орны бойынша газ өндіру жоспары 82% орындалды, орындалмауы 3,533 млн. текше метрді құрады, оның негізгі себебі – ұңғымалардың мерзімдік жұмыс режиміне ауысуымен байланысты болып отыр.

Слайд № 5-6 2021 жылдың 1-жартыжылдығы бойынша ҚМТ орталық аппаратының қаржылық көрсеткіштерінің орындалуы

- 2021 жылдың 1-жартыжылдығында ҚМТ-да 217 млн теңге сомасында шығын (жоспарда 568 млн. теңге) пайда болды. Бұл ауытқушылық өзге қаржылық кірістердің іс жүзінде артуымен, сондай-ақ шығын көлемінің аздығымен байланысты.

Кіріс:

- Жылдың басынан бастап шоғырландырылған кіріс 607,8 млн теңгені құрады және оған мыналар қосылады:
 1. ҚМТ филиалын сенімгерлік бақылаудан түскен кіріс 0,161 млн. теңге көлемінде (жоспарда 0,161 млн. теңге);
 2. курс айырмашылығынан түскен кіріс 1,5 млн. теңге;
 3. 2020 жылғы қаржылық көмек шарты бойынша дисконтты түзетуден түскен кіріс 601,1 млн теңге;
 4. Дебиторлық берешектің құнсыздануын қалпына келтіруден түскен өзге кіріс – 5 млн теңге.

Шығыс:

- **ҚМТ-ның шоғырландырылған шығысы** 2021 жылдың 1-жартыжылдығында 824,7 млн теңге соманы құрады (жоспарда 1 058 млн теңге). Оның ішінде:
 - Есептік кезеңде жалпы және әкімшілік шығындар 169 млн. теңгені құрады (жоспар бойынша 216 млн теңге), орындалуы 78%;
 - Есептік кезеңдегі қаржы шығындары, яғни қаржылық көмек туралы шарттар бойынша туындаған дисконттау шығындары 608 млн. теңгені құрады (жоспарда 778 млн. теңге), орындалуы 78%, ол нақты тұтыну көлемінің аздығымен түсіндіріледі;
 - Есептік кезеңдегі өзге шығындар 48 млн теңгені құрады (жоспар бойынша 64 млн теңге), соның ішінде Жемчужины жобасы бойынша

шығындар 43 млн теңгені құрады (жоспарда 64 млн теңге), орындалуы 75%.

Күрделі салымдар:

ҚМТ-ның күрделі шығындарында «Құрманғазы» жобасы бойынша шығындар (ҚМТ-ның 50% үлесі) көрсетіледі. 2021ж. есептік кезеңде ҚМТ-ның күрделі шығындары 57,8 млн теңгені құрады (жоспарда 157 млн теңге), орындалысы - 37%, Оператор бюджетінің бекітілмеуімен байланысты.

ҚМТ филиалы бойынша:

2021 жылдың 1-ж/ж. бойынша кірістің жалпы сомасы жоспарда 4,7 млрд.теңгені, нақты орындалуы 11,4 млрд. теңгені құрайды, яғни жоспардағы мәліметтен 246 % көп.

Кіріс бөлігінің артуы мұнайдың экспортқа 100 % өткізілуімен, мұнайды сату көлемі мен өткізу бағасының артуымен байланыстырылады.

Жалпы шығыс сомасы 8,4 млрд. теңгені, жоспарда 5,8 млрд. теңгені құрайды, яғни жоспардан 45% көп.

Капиталдық салымдар бабы бойынша жоспарда 105,3 млн. теңге болса, факт 817,0 мың теңгені, яғни 1 % құрады. 2,6 млрд артық шығынның негізгі себебі – мұнайды өткізу жоғарылап, мұнай бағасы қымбаттағандықтан, салықтардың (рента салығы, электрондық сату алаңы (ЭТП), пайдалы қазбалар салығы) артуымен байланысты.

Неосвоение запланированных сумм в основном связано со следующими причинами:

• Неосвоение суммы 100,7 млн. тенге предусмотренных на капитальный ремонт газовых двигателей из за поздного заключения договора работы будут выполнены в июле месяце 2021г.;

• неосвоение из предусмотренных на закуп ОС и НМА 3,8 млн. тенге, объясняется следующими причинами:

1) Неосвоение суммы 0,429 млн. тенге, 2 позициям - договор заключен, ожидается поставка;

2) Неосвоение суммы 2,12 млн. тенге, 4 позиций в связи с оптимизацией исключен с плана закупок ТРУ;

3) Закуп генератор водорода на сумму 0,721 млн. тенге перенесен на сентябрь месяц 2021 года;

4) Экономия по результатам проведенного тендера на 0,333 млн. тенге.

5) Обновление сметного программного комплекса АВС-4 на сумму 0,152 млн. тенге перенесен на ноябрь месяц 2021 года.

Ағымдағы кезең ішіндегі Филиалдың кірісі салықтар төлегеннен кейін 2,8 млрд.теңгені құрады, ал жоспарланған шығын 1,2 млрд. теңге болатын.

Слайд № 7 Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау.

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында ҚМТ-да, ҚМТ-ның Ақтау қаласындағы филиалында және бірлесіп бақыланатын еншілес ұйымдарда жазатайым оқиғалар, мұнай төгілу, өрт, апаттық зиянды шығарылымдар тіркелген жоқ.

ҚМТ құрылған күннен бастап апатсыз және жазатайым оқиғаларсыз **7 595** күн жұмыс істеді.

Есептік кезең ішінде ҚМТ-да апатсыз және жазатайым оқиғаларсыз 11 368 сағат/адам нақты жұмыс істелді.

Есептік кезең ішінде ҚМТ-ның дағдарыс жағдайларын басқару тобы (бұдан әрі – ДЖБТ) 2 отырыс өткізді. ҚМТ ДЖБТ отырыстарында төмендегі мәселелер қаралды:

№1 хаттама бойынша: штаттағы персонал мен аутстаффинг секторын 100% дейін ұлғайтуға қатысты Маңғыстау облысының бас санитарлық

дәрігерінің 08.01.2021ж. №1 Қаулысын орындау үшін ҚМТ-да дистанциялық жұмыс тәртібін өзгерту туралы бұйрықтың шығарылуы;

№2 хаттама бойынша: «COVID-19» коронавирус инфекциясынан ҚМГ компаниялары тобының қызметкерлерін вакциналауды ұйымдастыру және соған әзірлеу іс-шараларының жоспарын, сонымен бірге ҚМГ-ның дағдарыс жағдайларын басқару комитеті (ДЖБК/КУКС) отырысының 19.05.2021ж. хаттамалық шешімін орындауға қабылдау.

Сондай-ақ осындай шаралар ҚМТ Филиалында да жүргізілді:

- Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты профилактикалық және карантиндік шаралардың жоспары бекітілді және қолданысқа енгізілді;

- ҚМГ-ның ерікті түрде КВИ-ға қарсы вакцина алу жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында және «COVID-19» коронавирус инфекциясынан ҚМГ қызметкерлерін вакцинациялау жүргізуді ұйымдастыру және әзірлеу жөніндегі ҚМГ Басқармасының төрағасы бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес, Филиалдың 22.04.2021ж. №88-П бұйрығымен бекітілген осы тектес жоспары әзірленіп, қолданысқа енгізілді.

- 23.11.2015ж. № 414-V ҚР Еңбек Кодексінің 183-бабының талаптары және ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді міндетті кезеңдік аттестаттау ережелерін бекіту туралы» 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1057 бұйрығы бойынша «Орталық Азия экологиялық зерттеулер институты» ЖШС-мен жасалған 18.05.2021ж. №574557/2021/2/23-193-2021/ДУ шартқа сәйкес «Толқын» және «Боранқұл» кен орындарының өндіріс объектілеріндегі жұмыс орындарын және «ADAL COMPANY GROUP» ЖШС-мен жасалған 18.05.2021ж. №574557/2021/1/23-192-2021/ДУ шартқа сәйкес, Филиал кеңсесінің жұмыс орындарын аттестациялау жүргізілді. «COVID-19» коронавирус инфекциясының алдын алу және таралуына жол бермеу мақсатында Филиал қызметкерлерінің арасында Ақтау қаласындағы кеңсеге келу тәртібін белгілейтін ыңғайлы жұмыс уақытының режимі енгізілді.

- Филиал қызметкерлерін қызықтыру мақсатында және ҚМГ Басқармасының төрағасы 24.05.2021ж. бекіткен «COVID-19» коронавирус инфекциясынан ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін вакцинациялау жүргізуді ұйымдастыру және әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес, «COVID-19» коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алған Филиалдың қызметкерлеріне демалыс күндерін беру туралы 02.08.2021ж. №141 бұйрық шығарылды.

Есептік кезеңде Филиалдың 2 қызметкерінің КВИ жұқтыру жағдайы тіркелді, екеуі де толық сауығып шықты.

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында ҚМТ филиалында апатсыз және жазатайым оқиғаларсыз 526 239 сағат/адам нақты жұмыс істелді.

ҚМТ филиалының тұрақты жұмыс комиссиясы 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында «Толқын» және «Боранқұл» кен орындарындағы өндірістік объектілерге жоспарлы тексеру жүргізді, анықталған кемшіліктердің барлығы жойылды.

Қауіпсіз мінез-құлықты бақылау дағдыларын дамыту бағдарламасы аясында жоспарланған жұмыстардың барлығы бекітілген кестеге сәйкес орындалды.

Орталық аппаратта жоспар бойынша 15 бақылау болса, іс жүзінде 15 бақылау жүргізілді. Сонымен қатар қауіпсіз мінез-құлықты бақылауды жүргізу карточкалары ай сайын ҚМГ порталына жүктеледі және өткізілген бақылаулар саны туралы мәліметтер ҚМГ-ге тұрақты жолданады.

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында ҚМТ филиалында қауіпсіз мінез-құлықты бақылау дағдыларын дамыту бағдарламасы шеңберінде жоспарлы жұмыстардың барлығы орындалды, жоспарда 242 бақылау болса, іс жүзінде 241 бақылау жүргізілді.

ҚМГ компаниялар тобында орын алған жазатайым оқиғалар туралы ай сайынғы ақпарат, еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, денсаулықты қорғау жөніндегі есептер, постерлер, қауіпсіздік бюллетеньдері, бейнероликтер ҚМТ орталық аппараты мен ҚМТ филиалы қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

Слайд № 8 COVID-19 профилактикасы жөніндегі іс-шаралар

КВИ-ге қарсы ұжымдық иммунитетке қол жеткізу мақсатында бірқатар шаралар әзірленді, олар халықты вакцинациялау бойынша мемлекеттік кампания жүргізу барысын ескере отырып және Қазақстан Республикасының және Маңғыстау облысының Бас санитарлық дәрігерлерінің қолданыстағы қаулыларына және басқа да талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында ҚМТ орталық аппаратының 13 қызметкерінің 6-уы, аутстаффинг секторының 6 қызметкерінің 2-уі вакцина алды.

Слайд № 9 Ішкі коммуникациялар

ҚМТ-да ішкі коммуникациялардың мынадай түрлері қолданылады:

- **Ұйымдастырушылық:**

1) Ақпараттандыру принциптерін айқындау және Басшылық пен Қызметкерлерден кері байланыс алу мақсатында 2020 жылдың қорытындысы бойынша Бас директордың еңбек ұжымымен жоспарлы есептік кездесуі «ҚМТ қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі төрағасының қатысуымен 18.02.2021ж. өткізілді.

2) Жедел шешім қабылдауды қажет ететін мәселелерді талқылау мақсатында басшылықтың еңбек ұжымымен жоспардан тыс кездесулері өткізілген жоқ;

3) Бас директордың жеке сұрақтар бойынша қызметкерлерді қабылдауы.

Тіркеу журналы бойынша Бас директордың қабылдауына жеке мәселе бойынша ешкім жазылған жоқ.

- **Ақпараттық:**

1) Бас директордың блогы:

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығының қорытындысы бойынша ҚМТ корпоративтік сайтында Бас директордың блогы бөліміне өтініш, хат түскен жоқ.

2) ақпараттық стенд.

Ақпараттық стендте денсаулықты қорғау бюллетені бойынша ақпараттар, оқиғаларға шолу, ҚМТ жұмыс берушісі мен қызметкерлері арасындағы ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесі қағидаларының жаднамасы орналастырылды.

Сонымен бірге «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» орындау жөнінде ақпарат берілген.

• **Аналитикалық:**

1) Қызметкерлердің ұсыныстарына арналған жәшік;

Жәшікке ұсыныстар түспеген.

2) Сауалнама жүргізу

2020 жыл қорытындысы бойынша еңбек жағдайларына қанағаттанушылық туралы еңбек ұжымының пікірін білу мақсатында 25.01.2021ж. сауалнама жүргізілді. Қызметкерлер қанағаттанушылығының орташа бағасы 6,0 балды құрады немесе сауалнама басталған сәттегі қызметкерлердің орташа санының 75% қатысып, мүмкін болатын ең жоғары балдың 86% құрады.

Коммуникативтік (ұжымды шоғырландыру): кәсіптік конкурстар, спорттық шаралар, корпоративтік мекемелер, бірігіп табиғат аясына шығу, т.б.

Коронавирус инфекциясының алдын алу мақсатында барлық шаралар тоқтатылды.

Слайд № 10 Әлеуметтік міндеттемелер

Әлеуметтік қолдау «ҚМТ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау ережелеріне» сәйкес жүргізіледі.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тапсырмасына сәйкес қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру оңтайландырылды.

2021 жылдың 1-ші ж/ж. қорытындысы бойынша әлеуметтік қолдау көрсету:

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында ҚМТ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау ережелеріне сәйкес ҚМТ қызметкерлеріне түрлі әлеуметтік төлемдер жүргізілді, соның ішінде:

Материальная помощь на **15175** тысяч тенге, такие как:

- на оздоровление при предоставлении оплачиваемого ежегодного трудового отпуска –**14768** тысяч тенге;

-в связи с рождением/ усыновлением/удочерением ребенка -**1 чел/407** тысяч тенге;

Социальные пособия и компенсации оказаны 1 работнику на сумму **151** тысяч тенге, такие как:

· ежемесячные выплаты работникам, находящимся в отпуске по уходу за ребенком, до достижения им возраста 1,5 лет – **1 чел/ 151** тысяч тенге.

Социальные гарантии **1463** тысяч тенге, такие как:

· добровольное медицинское страхование на случай болезни и медицинское обслуживание работников и членов их семей – **1463** тысяч тенге;

Пособия по временной нетрудоспособности, гарантированные законодательством РК –**1 чел/88** тысяч тенге;

-выплата в связи с достижением юбилейного возраста- **1 чел/ 690** тысяч тенге.

2021 жылдың 1-ж/ж. қорытындысы бойынша қызметкерлер ерікті медициналық сақтандырумен қамтамасыз етілді.

8 наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай ҚМТ филиалының 5 қызметкері марапатталды.

ҚМТ орталық аппаратында 2021 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша ҚМТ еңбек тәртібі ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік жаза қолдану болған жоқ, ҚМТ-ның еңбек тәртібі ережелерін бұзғаны үшін аутстаффинг секторының 1 қызметкері тәртіптік жазаға тартылды.

Слайд 11 Кадр мәселелері

ҚМГ компаниялар тобы персоналының құрамы жөніндегі ақпаратты жаңарту мақсатында тоқсан сайын ҚМГ порталына (intranet.kmg.kz) есептер тапсырылады.

«Маңғыстау облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын күшейту туралы» 2021 жылғы 13 сәуірдегі №7 қаулының негізінде, ҚМТ-ның дағдарыс жағдайларын басқару тобының 19.04.2021ж. хаттамалық шешіміне сәйкес, ҚМТ қызметкерлеріне COVID-19 жұғу қаупінің алдын алу үшін аутстаффинг секторының қызметкерлерін қосқанда, ҚМТ қызметкерлері қажетті IT-сервистерге қашықтықтан қол жеткізе отырып, дистанциялық жұмыс формасына ауыстырылды. 2021 жылдың 1-жартыжылдығында штаттағы қызметкерлердің 71%; аутстаффинг секторының 80% дистанциялық формада жұмыс істеді.

Слайд 12 Құжат айналымында мемлекеттік тілді қолдану, сапа және тәуекелдер менеджменті жүйесінің қызметі

2021 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша ҚМТ-ның сыртқы және ішкі құжат айналымы жөніндегі мәліметтер

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын орындау бойынша жүргізілген жұмыстар

Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу бойынша:

- 2.1. ішкі құжат айналымы қазақ тілінде жүргізіледі;
- 2.2. мемлекеттік тілді дамыту және қолдану жөніндегі комиссия ішкі құжат айналымына ұдайы бақылау жасап отырады және қызметкерлердің хат алмасуына мониторинг жасалады.
- 2.3. 2021 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша қазақ тіліндегі құжат айналымының үлесі 50 пайызды құрады;
- 2.4. Серіктестікте «Мемлекеттік тіл бұрышы» ұйымдастырылған;
- 2.5. ҚМТ сыртқы және ішкі құжат айналымы туралы ақпаратты тоқсан сайын ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне, ҚМГ-ге және Маңғыстау облысының әкімдігіне жолдайды.

2021 жылға арналған бекітілген тәуекелдер регистрі шеңберінде Ковид-19 пандемиясының алдын алу, қызметкерлерді қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыру, санитарлық қауіпсіздікті сақтау, қызметкерлер үшін жеке қорғану құралдарын сатып алу, сондай-ақ ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын ҚМТ қызметкерлерінің сақтауына бақылау жасау, бухгалтерлердің біліктілігін арттыру, т.б. жоспарлы шаралар жүзеге асырылады. 2021 жылдың 1-жартыжылдығында Ковид-19 тәуекелін қоспағанда, басқа тәуекелдердің жүзеге асу жағдайлары тіркелген жоқ. 2021 жылға арналған тәуекелдер тіркелімі ҚМТ Бақылаушы кеңесінің 13.11.2020ж. № 22 шешімімен бекітілген.

- Менеджмент жүйесінің сәйкестік сертификаты 21.08.2018ж. бастап 11.03.2021ж. дейін жарамды, ҚМТ-ның біріктірілген басқару жүйесі (ИСУ) ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының жаңа талаптары бойынша сертификатталған.

Сертификаттың тіркеу нөмірі:

- ТІС 15 100 74377
- ТІС 15 104 7430
- ТІС 15 116 7057

2020 жылы ҚМТ-да жоспар бойынша 2-бақылау аудиті өтуі тиіс болатын. Алайда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 29.04.2020ж. №816/20 хатының негізінде аталған аудитті өткізу шығындары ықшамдалды, соған байланысты 2-ші бақылау аудитін өткізбеу туралы шешім қабылданды.

Слайд 13 2021 жылдың 1-жартыжылдығында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөніндегі жылдық жоспардың орындалысы

мың теңге

ТЖҚ атауы	2021 жылға жоспар	2021ж. сатып алу нәтижелері бойынша факт	Үнемдеу
Тауарлар	335 542,61	213 238,45	64 233,57
Жұмыстар	888 333,63	802 998,45	77 695,18
Қызметтер	2 111 268,70	1 814 397,22	180 465,07
БАРЛЫҒЫ	3 335 144,94	2 830 634,12	322 393,82

1. Есептік кезеңде ҚМТ ТЖҚ сатып алу жоспарын игеру 95 % құрайды.

2. 2021 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша жергілікті қамту:

пайызбен

ТЖҚ атауы	2021 жылға арналған мақсатты индикаторлар	Есептік кезеңдегі ЖҚ үлесі
Тауарлар	58	31
Жұмыстар мен Қызметтер	90	88
«Қарапайым заттар экономикасы» тауарлары, машина жасау және химия саласы	73	74

Тауарлардағы, жұмыстар мен қызметтердегі (ТЖҚ) және «Қарапайым заттар экономикасы» тауарларын (6 сала бойынша) сатып алудағы жергілікті қамту (ЖҚ) үлесі бойынша мақсаттарға қол жеткізу 2021 жылдың қорытындысы бойынша жасалған шарттарға сәйкес нақты орындалуына қарай қалыптастырылатын болады.

3. Сатып алу мәселесіне қатысты «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ өкілетті органы растаған, жүргізілген сатып алулар бойынша бұзушылықтар (ұйғарымдар) саны:

2021 жылдың 1-ші жартыжылдығында ТЖҚ сатып алу процедураларын жүргізу кезінде жол берілген бұзушылықтар туралы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ өкілетті органынан 2 нұсқама алынды.

Бұзушылыққа жол бергені үшін ҚМТ филиалының жауапты қызметкерлеріне тәртіптік жаза шаралары қолданылды.

Слайд № 14 2021 жылдың 2-жартыжылдығындағы міндеттер.

✓ Жемчужины жобасы бойынша

Операциялық комитеттің шешімдеріне сәйкес, Нидерландыдағы КМОК БВ-ны және оның Ақтау қаласындағы филиалын тарату жөніндегі Жол картасының орындалуын қамтамасыз ету.

Соған байланысты ҚМТ Бақылаушы кеңесінің, Каспий Меруерті Оперейтинг Компани Б.В. компаниясының Директорлар кеңесінің және Акционерлерінің жалпы жналысының тиісті корпоративтік шешімдері қабылдануы тиіс.

✓ Құрманғазы жобасы бойынша

Белгіленген өкілеттік шеңберінде Серіктестіктің өндірістік бағдарламасының және жылдық жұмыс жоспары мен бюджетінің орындалуын бақылауды қамтамасыз ету.

ҚМГ Басқармасының 2018 жылғы 15 қарашадағы шешімімен бекітілген «ҚМТ-ны тарату жөніндегі жол картасына» сәйкес, жер қойнауын пайдалану құқығын ҚМТ-дан ҚМГ-ге беруді көздейтін ӨБК-ге Толықтыруға қол қою жұмыстарын жалғастыру.

✓ Сенімгерлікпен басқару шарты бойынша

Сенімгерлікпен басқару шартының, Қызметті қамтамасыз ету шартының, Мүлікті уақытша иелену және пайдалану шартының талаптарын сақтай отырып, Толқын және Боранқұл кен орындарын сенімгерлікпен басқару жұмыстарын жалғастыру.

2021 жылға түзетілген ЖЖББ-ға (ГРПиБ) сәйкес 90,50 мың тонна мұнай, 2,57 мың тонна конденсат және 48,48 млн текше метр газ өндіру жоспарланған.

ҚМГ Басқармасының 2018 жылғы 15 қарашадағы шешімімен бекітілген ҚМТ-ны тарату жөніндегі жол картасын берілген құзырет шегінде жаңартып отыру.